

**Мемлекеттік тілде іс қағаздарын
жүргізу**



Тақырыбы: «Сенімхат», «Қолхат».

Орындаған :Кульманова М.Н.

I. Сабақтың мақсаты:

**Сенімхат, қолхат
туралы мәлімет беру;**

**Құжат үлгілерімен
таныстыру;**


**Сенімхат пен
қолхаттың басқа
құжаттардан
ерекшеліктерін
түсіндіру;**

II. Сабақтың міндеті:

**Құжат түрлерін
үйрету;**

**Басқа құжаттардан
ажырата білуге
үйрету;**

**Құжаттарды жаза
білуге
үйрету;**



СЕНІМХАТ

мекеме
атынан
берілетін
ресми
сенімхаттар

The diagram illustrates the issuance of certificates. At the top, a white rounded rectangle contains the word 'СЕНІМХАТ' (Certificate). Below it, a dashed blue line with a central upward-pointing arrow connects to two white ovals. The left oval, outlined in yellow, contains the text 'мекеме атынан берілетін ресми сенімхаттар' (Certificates issued in the name of the institution). A large blue curved arrow points from this oval to the right oval. The right oval contains the text 'жеке тұлға атынан берілетін жеке сенімхаттар' (Certificates issued in the name of an individual). A large blue curved arrow points from this oval to the right.

жеке тұлға
атынан
берілетін жеке
сенімхаттар

**СЕНІМХ
АТ**

**мекеме атынан
мәміле жасауға**

**материалдық
құндылықтар мен ақша
алуға**

**басқа да түрлі әрекеттер
жасауға**

сенім білдіріп, құқық береді

Ресми сенімхаттар

мекеме бланкісіне
рәсімделеді

Сенімхат

мекеме
атынан
берілсе

арнаулы бланкке
жазылады да,

мекеме
басшысының қолы
мен мөрі басылады

Егер сенімхат
жеке адам
тарапынан
берілсе,

сенімхат
иесінің
аты жөні

құжаттың аты

нөмірі
жазылып, қолы
қойылады

нотариус
сенімхат иесінің
қолын растап,
мөр басады

Сенімхаттың мазмұндық-құрылымдық жүйесі:

- ✓ -құжат атауы;
- ✓ - күні, айы, жылы, мекен жайы ;
- ✓ - сенімхат беруші туралы толық мәлімет (аты жөні, мекен жайы, жеке куәлік нөмірі);
- ✓ -сенім білдіретін тұлға туралы толық мәлімет (аты жөні, мекен жайы, жеке куәлік нөмірі);
- ✓ - алынған заттың атауы (егер ақша болса, көлемі санмен де, жазбаша да көрсетіледі);
- ✓ - қайтарылатын нақты уақыты;
- ✓ - қайтара алмаған жағдайдағы шарты;
- ✓ - нотариалдық мекеме мөрі.

Сенімхат үлгісімен танысыңыздар.

Сенімхат

2013 жыл, 1 желтоқсан, Алматы қаласы

Мен, Серік Жәнібекұлы Мәметов куәлік: №80265498 ҚР ІІМ берген, мекен жайым: Алматы қаласы, Сейфуллин көшесі, 456 үй, 3 пәтерде тұратын азамат Есенгелдин Жомарттың, туған атам - Мейлібаев Маметтің қайтыс болғанан кейін қалған мүлікке менің мұрагерлік құқығымды рәсімдеуіне сенім білдіремін. Бұл үшін мен азамат Есенгелдин Жомартты:

- менің атымнан өтініш жазуға;
- анықтамалар мен құжаттар алуға;
- менің орныма қол қоюға;
- мұрагерлікке құқық беру туралы куәлікті алуға, өкілетті етуге сенім білдіремін.

Сенімхат 2014 жылдың 1 желтоқсанына дейін берілген және 1 жыл күшінде.

01.12.2013

Осы сенімхатты 2013 жылдың 1 желтоқсанында мен, Бижанова Назгүл, Алматы қаласындағы лицензия № 001911 “Сенім” нотариалдық кеңсесінің нотариусы, куәландырдым. Сенімхатқа менің қатысуым кезінде азамат Серік Жәнібекұлы Мәметов қол қойды. Сенім білдірушінің жеке басы анықталды, құқықтық іс-әрекетке қабілеттілігі тексерілді. Сенімхат мәтіні дауыстап оқылды, №22 тізбеге тіркелді. Мемлекеттік салық алынды: 300 (үш жүз) мың теңге.

Нотариус

қолы _____ мөр орны

ҚОЛХАТ

белгілі бір
құндылықтардың

(құжат, мүлік,
зат, ақша)
алынғанын
қуәландыратын

және оны белгілі
бір мерзімде

қайтарып
беретіндігін
міндеттеп,

азаматтық қарым-
қатынастарды
реттейтін


ресми
құжат түрі

ҚОЛХАТ

**бағасы төмен
құндылықтарды**

**уақытша пайдалану
жағдайында рәсімделеді**

**мекемеішілік қатынастарда жиі
қолданылады**



Қолхаттың мазмұндық-құрылымдық жүйесі:

- ✓ - құжаттың аты;
- ✓ - қолхат беруші туралы толық мәлімет (аты жөні, мекен жайы, жеке куәлік нөмірі);
- ✓ - қолхат алушы туралы толық мәлімет (аты жөні, мекен жайы, жеке куәлік нөмірі);
- ✓ - алынғат заттың атауы (егер ақша болса, көлемі санмен де, жазбаша да көрсетіледі);
- ✓ - қайтарылатын нақты уақыты;
- ✓ - қайтара алмаған жағдайдағы шарты;
- ✓ - қолхат жазылған күн;
- ✓ - тараптардың қолы;
- ✓ - мекеме мөрі.

Қолхат үлгісімен танысыңыздар.

Қолхат

Мен, Әйгерім Асылбекқызы Қозыбаева Алматы қаласы Таугүл-1 шағын ықшамауданы 84 үй, 31 пәтердің тұрғыны, жеке басымның куәлігі №123456789 ҚР ИМ-гі берген, Алматы қаласы, Абай даңғылы, 25 үй, 64 пәтерде тұратын азамат Арман Мұхитұлы Асқаровтан, жеке куәлігі №123456789 ҚР ИМ-гі берген 3000(үш мың) АҚШ долларын алдым. 2013 жылы 15 қыркүйекте жасалған келісімшартқа сәйкес 2013 жылғы 10-шы қыркүйектен 10 желтоқсанға дейін алынған ақшаның пайызын төлеп тұруға міндеттенемін.

Мекен жайым өзгерген жағдайда бұл туралы үш күн мерзім ішінде хабарлауға міндеттенемін.

Осы қолхат үш дана етіп жасалған, бір данасы №1 нотариалдық кеңседе тіркелген, екінші данасы Арман Мұхитұлы Асқаровта, үшінші данасы Әйгерім Асылбекқызы Қозыбаевада сақталады.

10.12.2013 жыл

тараптардың қолы